

С.МҰРАТБЕКОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ХАРАКТЕР ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ

Баймыш Лаура Құрманәліқызы,
ф.ғ.к., аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық
университеті, Қазақстан, Шымкент

Аңдатпа: Бұл мақалада С.Мұратбеков әңгімелеріндегі кейіпкерлерді жасау шеберлігі қарастырылады

Түйін сөздер: суреттеу шеберлігі, лирикалық ракус, жаңа суреттеу тәсілі, қазақи мінез, Күсен образы

1960 жылдардың басында қазақ әдебиетіне жаңа буын келе бастады. Бұл жаңа ұрпақ өздерінің сөз бостандығымен көзге түседі. Осымен байланысты олардың суреттеу шеңбері кеңейді, замандастарының рухани кең өрісті бейнелерін жасады, көркемдік ізденістерін күшейтті, жаңа суреттеу тәсілін, жаңа стилистикалық жүйелерін енгізді.

«Күсен-Күсеке» әңгімесі С.Мұратбеков мүлде жаңа қырынан танытқан, тек ұлттық емес, Одақтық сыншылдар тарапынан жақсы бағаға ие болған туындысы.

Осы әңгіме ерекшелігі жөнінде сыншы С.Әшімбаев «... олбұрын оқиғаны негізінен лирикалық ракуста беретін және адам жанының тереңде нәзік пернелерін, ішкі сезім иірімдерін тамырындай тап басатын психолог, лирик жазушы ретінде көбірек көрінсе, мұнда ол өмірдегі әлеуметтік күрделі мәселелерді аңғарғыш, орнымен көтере білетін ойшыл суреткер екенін де дәлелдеп шықты», - дейді [1, 76].

Әңгіме кейіпкері Күсеннің мінезі, адамдық кескіні, болмысы, жан дүниесі, айналасындағылармен қарым – қатынас үстінде жан – жақты ашылады. Бір қарағанда қораштау, өмірге икемсіздеу, қой соңында жүрген елеусіздей жан секілді болып көрінеді. Рас, әңгімеде Күсен характерінің осы әлсіз тұстарын суреттейтін детальдар көп кездеседі. Өзінің оқуға қыры болмағаны, Отан қорғау сапында болғаны, алайда ештеңе есте қалмағаны. «... Тіпті, пулеметші болғаны да есінде жоқ. Егер сол, өзі атқан пулеметті дәл қазір алдына әкеп қойса, қалай оқтауын білмес еді» [4, 27].

Соған қарамастан соғыс туралы басынан кешкен әңгімелерін айтқанда тыңдаушысына асыра сілтенкіреп айтып кететін қазақи мінезі де Күсен образын шынайыландыра түседі. Осылай сөйлеткізу Боздақ үшін өте қызық.

Күсеннің әлсіздігі ешкімді ренжіткісі келмейтін ақ көңіл, ақ жүректілігінде. Және не тапса да маңдай терімен, адал еңбегімен күн көретін қой торы қоңыр тіршілігі оны басқалардан даралап тұрады. Ең бастысы осы қоңыр тіршілігі өзіне ұнайды. Соған қанағат етеді. Жаман киіз үйде өсіп келе жатқан балалары өзінің үлкен жұбанышы.

Сайын кейіпкері үлкен қоғамдық ойларды ойлап басын қатырмайды. Оған өзінің шамасының жетпесін біледі. Осы ретте О.Бөкейдің «Құм мінезі» әңгімесі еске түседі. Онда басты кейіпкер қой бағуды кәсіп еткен Бархан. Бірақ Оралханның Барханы қой бағып жүріп өмір, болмыс, тіршілік, қоғам жайын да терең философиялық ойлар ойлайды. Сол қоғамда тіршілік кешіп жатқан жандардың бір – біріне жасайтын қиянаты мен қатыгездігінің түпкі сырын іздейді. Сол жолда арпалысады.

Алайда Күсенде адамның жақсы, жаман қасиеттерін ажырата алар сезімтал түйсік бар. Ол тіпті ферма меңгерушісінің де өз құлқыны пайдасына жүретінін біледі. Оның жылпостығын «...Бұл ма, бұл зәндемі ғой», - деген ойымен тап басады.

Адам психологиясының түпсіз тереңі, жылымы тек реалистік шешіммен ғана жарқырап көріне алады. Әңгіме шағын болғанымен айтар ой салмақты, көп ойлылық бар. Осындағы қой сұрап келген немере іні, ферма меңгерушісі Бисұлтан дүкенші, «орден аласыңмен» емексітіп жүрген басшылар бейнесі, олардың өмір сүру тәсілі... Осы бір тоғышарлар бейнесін жасағанда Сайын олардың үстемдік алып, шалқып жүруіне қарсы. Алайда жазушы суреттегенде бейтараптық саясат ұстанады. Яғни, ананың жаны ақ, немесе қара деп айғайламай кімнің кім екенін ажыратып алуды оқырманның өзіне қалдырады.

С.Мұратбековтың Күсені өз ақшасын қайда жұмсау немесе қалай

сақтау керектігін ешкімнен кем білмейді. Алайда Күсен үшін қашанда жоғары тұрған асыл нәрселер бар. Күсен үшін адамға жақсылық жасаудан, оны қуантып көңілін табудан, сатусыз сыйластықтан артық еш нәрсе жоқ. Яғни, Күсен өз ақшасын ағайын-туғанға ел ішіне бір келгенде осылай үлестіру арқылы оларға деген риясыз көңілін көрсеткісі келеді. Ол кісіге бергеніне, біреуге жақсылық жасағанын риза.

Күсеннен Күсекеге айналу себебі де осы мәрттігіне байланысты. «...Бұл күндері ол үлкенге де, кішіге де Күсен емес, Күсекең атанады... Бұл екі күнде ағайын-туған ол не десе де күле құптасып бас изейді. Іштерінен не ойласа да өздері білер, бірақ тіс жарып қарсы сөз айтпайды. Күсекеңдікі дұрыс... Күсекеңдікі жөн... Тасымай қайтесін... Шашылмай қайтсін...» [4, 30].

Алайда еліне тасыған көңілі жасып қайтатыны бар. Ол еңбекпен тапқан жыл бойғы ақшасын берекесіздеу ғып шашып жібергеніне деген өкінішінен де терең нәрсе сияқты. Нақтылап айтсақ, ол Күсеннің жалғыздығы. Осы ретте ғалым Қ.Алпысбаевтың «Осы әңгімедегі ащ шындық – өз шындығына ғана сүйенген Күсен жалғыздағы», - деген пікіріне қосыласың.

Ел ішінде ағайын отрасындағы мүлгіген самарқау орта немесе өз байлығының құлына айналып кеткен бажысы олардың тіршілігі мен ел ішіне үлкен сағынышпен жеткен сеніммен арадағы алшақтық жер мен көктей.

Күсеннің жанына бататын нәрсе адамдардың бір-біріне қайырымының жетпей жататындығы. Тағы мазалайтын нәрсе молшылық, барлық пен байлықтың кезінде көңілдің тарылуы, сезімнің жұтаң тартуы, шынайы сүйіспеншіліктің азаюы. Мұның өзі қоғамымыздың әлеуметтік моралінен туындайтын қасиет. Ендеше Үсен өз әрекетімен әлеуметтік тұлға.

Күсен бейнесі С.Мұратбеков қаламынан туған жан айдыны иен сезім иірімінің терең тұлғасы. Күсен образы сол аңғалдау да, есепке құрылмаған қоңырқай тіршілігімен-ақ өзіне баурап алады. Ондағы жан-дүние тазалығы,

адамгершілік қасиет оны сұлуландыра түседі.

Міне Күсен характеріне ешқандай баямсыз-ақ бар кемшіліктерімен бірге жазушы реалистікпен шебер жеткізеді.

Әңгімедегі авторлық ой темірқазығы адалдық пен адамгершілік –сенің адамдық болмысыңнан шырайын ашатын өміріңе мағыналылық құдірет дарытатын қасиет. Сол адалдық мұрат жолында мүмкіндігінше ауытқымай, айнымай жүре біл, сол адами нысана үшін күресе біл, - дегендей. Мұны қарапайым Күсен образымен ұғындырғандай.

Осы сияқты ең негізгі маңызды қасиеттерді жазушы кейіпкерін ірі-ірі күрестерге салмай-ақ, ішкі дүниесін ашу арқылы танытады.

«С.Мұратбековтың «Күсен-Күсеке» әңгімесіндегі көтеріп отырған адамгершілік проблемасы оның бүкіл творчествосының негізгі пафосы болып табылады. Жазушы қай туындысында да адамның адамшылығы, азаматтығы, рухани биіктігі, жан-дүние сұлулығы, сезім шынайылығы туралы сыр шертіп, ой толғайды.

Сайын мүсіндеген негізгі геройлар «өмір-адам,адам-өмір» деген күрделі философияның заңдылықтарын өз тұрғысынан түсіндіруге тырысқан суреткер мұратының көрінісі деп қараймыз,» - деп жазады С.Әшімбаев.

Сондай-ақ әңгімеде кейіпкер жан-дүниесіндегі өзгерістер мен табиғат құбылысын шендестіре суреттеу шеберлігі байқалады.

«Күн әлі ұясынан шыға қоймаған кез. Төңірек мөп-мөлдір болып тұнып тұр. Қора да, үй де ақ шыққа оранған, көз жетер жерге дейінгі бүкіл кең дала ақ сортаң басқандай аппақ боп жатыр» [4, 30].

Әңгіме басындағы бұл сурет басты кейіпкер Күсен жолға шығар алдынағы мамыржай тірлігінен жабардар етсе, әрі Күсен табиғатынан да сыр бергендей.

Елге келгеннен кейінбала-шағасын көріп,ендігіде ақша алуға әйеліп жібермек болып, шешім қабылдаса да, желтоқсан ызғарындай адамдар

арасындағы суықтыққа жауап таба алмай дал болған, жубаныш іздеп азынай соғып тұрған көңіл-күйінің желі сияқты.

«Отау үй» ұлттық танымдағы жаңадан шаңырақ көтерген жастарға берер тағлымы мол әңгімесінің бірі... Мұнда Ұзақ пен Тана бойындағы тазалық, жан сұлулығы, нәзік сезімдері ерекше суреткерлік шеберлікпен танылған. Әңгіме Ұзақтың әке-шешесінің қонысынан суыт көшуімен басталады. Тіпті бұдан бейхабар Тана таң қалған күйде Сұлтанға үнсіз ере береді.

Алайда «әке-шешені астап бөлек кеткендігі» екеуіне де оңай соққы болып отырған жоқ. Бұл кенеттен Ұзақ тарапынан болған шешімге не себепкер болды? Жазушы әңгімеде лирикалық шегініпен Ұзақтың өткен өміріне деген ойлармен береді. ...Ия, Танамен танысып, табысқаннан кейінгі күндерін еске алса, шешесінің оған істеген зәбірінен бөлек өзі де бір кезде өлердей ғашық болған Танасын, а өз шешесінің айдап салуымен қол жұмсапты. Ал мұның өкініші жүрегіне мықтап – ақ орнап қалғанын автор Ұзақтың ой толғаныстары арқылы біледі.

Бұл сөздер С.Мұратбековтың азаматтық болмысын, адамгершілік позициясын айқындай түседі. Жалпы адамгершілік позициясы Мұратбековтың бүкіл творчествосының лейтмотиві десе де болады. Әрі осы бір философиялық мәні әрі терең, әрі адамгершілік рухы мықты сауалдарға өз тұрғысынан жауап беріп келе жатыр. «Отау үй» әңгімесі Сайынның осы бағыттағы ізденісі.

Сырт қарағанда бір-біріне керемет жалындап тұрған ғашықтықты көрмесек те, Ұзақ пен Тананың бірін-бірі іштей тереңнен түсініскен, ойы ортақ, сезімі бір рухани сұлу жандар екеніне күмәнің қалмайды.

Ұяндық, инабаттылықпен бірге Тана үлкен адамгершілік иесі екендігі әңгімеде шынайы беріледі.

Бір кезде бөлек шығып жатқан өздері қатар жас жұбайларға қызығып қараған Тана үшін, енді сол арман ойда жоқ жерден орындалды. Алайда

Ұзақтың анасы мен атасын тастап кетуін ішкі ойы қабылдамай-ақ қойды.

Жалпы адамның моральдық байлығын, жан-дүние сұлулығын, әр қырынан ашу Сайын творчествосының негізгі кредосы.

«Отау үй» әңгімесіндегі бұл ой «Ескек жел» әңгімесінде жалғасын тапқандай. Мұнда әңгіме арқауы Рысжан мен Төлеп бір кездегі ерлі-зайыптылар, ажырасып кетсе де бір-біріне деген қимастық сезімі лирикалық сезіммен өріледі.

С.Мұратбеков стиліне тән ерекшелік қарама-қайшылықты тағдырдың өзінен үндестік іздеп,жаныңды мұннан сейілтер,жүрегіңді нұрландырар бір жылылық таратып отырады.

Бұл тұрғыдан келгенде өз жанұясын тастап,өзгеге үйленіп кеткен Төлепті кіналай алмайсың. Тіпті Рысжанның өзі Төлепті кешіруге бар... Яғни Сайын адам жан әлемінің жасампаз қасиетін дәріптейді. Екеуі де бір-бірінсіз өмір сүре алмайтынына көз жеткізгендей болады. Бұл әңгімеде Төлептің Рысжанды үйіне іздеп келуі,арадағы диалогтар арқылы суреттейді.

Осы ретте Сайын бұдан кейінгі Рысжанның көңіл-күй құбылысын табиғатпен астастыра әдемі береді.

«...Дала тым-тырыс екен. Қоңыр салқын самал ғана үрлеп тұр. Ескек жел сияқты дымқыл жылылық бар лебінде» [5, 71]. Бұл ескек жел секілді бір-біріне есілген жылы сезім. Ендігі жерде ол сезім тек жел болып соғады. Себебі, Төлептің өз шаңырағы бар... Сол шаңырақта Төлептің бүк түсіп жатуы Рысжан жүрегінде аяушылықпен бірге аялау сезімін де туғызады. Бұл Рысжанды қарапайым күйкі тірліктен адам ретінде биіктете түседі. Мұның барлығы шебер көркем тілмен жетеді. Сөйтіп ырғағын тапқан лирикалық баяндау характер табиғатын ашуға қызмет етеді. Субъекті тәуелсіз қалып танытады. Яғни, әңгіме соңы, Рысжанның көктемі өзіне қуаныш әкелер деген үмітіне сеніммен, романтикалық леппен аяқталады.

«...Рысжан түнгі аспанға қарады,жұлдыздардың көптігіне таң қалады. Жыпыр-жыпыр етіп күн өткен сайын көбейе беретін сияқты. Есіне осыдан

біраз күн бұрын естіген бір әннің сөздері оралды, осынша көп жұлдыз, осынша көп жарқыл, осынша кең аспан бәрі-бәрі менің үлесім болғаны ма,- дейді. Сол ән Рысжанға қатты ұнаған еді. Шынында да осының бәрі бір адамның үлесіне тисе. Оһо... Ал Рысжанға салса осының бәрін бір Төлептің жолына берер еді-ау» [5, 85]. Автор кейіпкер табиғатына тән қарапайым ойларымен аяқтауының өзі шығарма шынайылығын арттырып, ерекше суреткерлік мұратын көрсетеді. Шынайылық демекші, осы әңгімеде езу тартқызар әңгімеге реңк беріп тұрған ұлттық образ бар. Ол Жаман Жанбай образы. Рысжан көңілді сергек, ақжарқын ержірек характері Жаман Жанбай арқылы ашылады. Автордың оны таныстыруының өзі қызық. «...Осы әйелдердің ортасында еркек кіндікті Жаман Жанбай ғана жүреді. Ол-қоймашы, жасы қырықтар шамасында қалың сырмалы күйіпке, шалбар киіп жүретін тайпақ адам. Қалтасына сыймайды да, үнемі қолына ұстап жүреді. Осы кілттер үшін әйелдерден көрмейтін қорлығы жоқ. Өзі де тиыш жүрмейді. Тілімен шағып, мықындарына қол жүгіртіп, түртпектеп жүрген Жаман Жанабай атауыда сол мінезінен» [5, 61].

Осы ретте Жаман Жанбай портреті Б. Майлин әңгімелеріндегі қазақи болмысын танытып тұартын кейіпкерлерін (Құрымбай, Мұқыш) еске түсіреді. Яғни дара ерекшеліктің өзін әдебиетіміздегі дәстүр мәселесімен өзектес қарастырудың мәні зор. Себебі, дәстүр-әдеби процестің бірден-бір катализаторы. Осы тұрғыдан келгенде Сайын шығармаларынан Б. Майлин ықпалын байқауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қабдоллов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 13, 307 бет
2. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. Алматы: Жазушы, 1985.
3. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Астана, Елорда, 2001.
4. Мұратбеков С. Шығармалары. 1-2 том. Алматы: Жазушы. 1986. 7,4 бет.
5. Мұратбеков С. 2 томдық таңдамалы шығармалары. А. Қазығұрт. 2003.
6. Алпысбаев Қ. Поэзия парасаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 304